

Алиева Ж.¹, Ахай Е.²

¹г.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, тел.: +7 702 246 1971

²1 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: a.a.yerketau@mail.ru, тел.: +7 747 164 1663

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Туризм өз елі мен өзге елдің тарихи-мәдени байлықтарымен терең танысып, жетік меңгеруге, жасөспірімдердің ұлттық сана-сезімін оятуға, басқа ұлттар мен ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері мен тұрмыс-тіршілігіне сыйластықпен қарауға ерекше мүмкіндік береді. Балалар-жасөспірімдер спорттық-сауықтыру туризмі сауықтыру технологияларының ең тиімді түрі, адам мен қоғам арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға септігін тигізетін, өскелең ұрпақтың тәрбиесінде үлкен мемлекеттік маңызы бар. Мақалада бүгінгі күні Шығыс Қазақстан облысында туризм бағыттарының ішінде ең перспективасы жоғары балалар-жасөспірімдер туризмінің ұйымдастырылуы қарастырылған. Балалар мен жасөспірімдер туризмінің нарығы зерттеліп, сұранысқа ие демалыс түрлері анықталды. Сонымен қатар туристік маршрут ұсынылып, осы нарық сегментіне SWOT-анализ жасалынды. Оған қоса, Шығыс Қазақстан облысында балалар-жасөспірімдер туризмінің дамуының мәселелері зерттеліп, оларды шешу жолдары ұсынылды.

Түйін сөздер: балалар мен жасөспірімдер туризмі, спорттық-сауықтыру саласы, лагерь, салауатты өмір салты.

Aliyeva Zh.¹, Akhay Ye.²

¹c.g.s., associate professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, tel.: +7 702 246 1971

²Master of 1 course, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: a.a.yerketau@mail.ru, tel.: +7 747 164 1663

Perspectives of development of children's and youth tourism in the East Kazakhstan

Tourism provides a unique opportunity to get deeper into and visualize the historical and cultural heritage of own country and other states, to realize the national self-awareness among young people, to cultivate respect and tolerance for the life and customs of other nationalities and peoples. The youth sports and health-improving tourism is one of the most effective health technologies that contribute to the formation of a healthy lifestyle for the individual and society as a whole, which has a great national importance in the upbringing of the younger generation. This article considers the organization of the children's and youth tourism as the most perspective area of tourism in the East Kazakhstan region today. The market of children's and youth tourism has been studied, the types of recreation that in the highest demand, have been identified. Also, a tourist route is proposed and a SWOT analysis of this market segment is made. At the same time, the problems of development of children's and youth tourism in the East Kazakhstan region are investigated and ways of their solution are offered.

Key words: children's and youth tourism, sports and health sphere, camp, healthy lifestyle.

Алиева Ж.¹, Ахай Е.²

¹к.ғ.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, тел.: +7 702 246 1971

²Магистрант 1 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: a.a.yerketau@mail.ru, тел.: +7 747 164 1663

Перспективы развития детско-юношеского туризма Восточно-Казахстанской области

Туризм предоставляет уникальную возможность глубже узнать и наглядно ознакомиться с историческим и культурным наследием своей страны и других государств, пробудить у молодых людей чувство национального самосознания, воспитать уважение и терпимость к быту и обычаям других национальностей и народов. Детско-юношеский спортивно-оздоровительный туризм является одной из наиболее эффективных оздоровительных технологий, способствующих формированию здорового образа жизни человека и общества в целом, что имеет большое государственное значение в воспитании подрастающего поколения. В статье рассматривается организация детско-юношеского туризма как наиболее перспективного направления туризма в Восточно-Казахстанской области на сегодняшний день. Был изучен рынок детско-юношеского туризма, выявлены виды отдыха, пользующиеся наибольшим спросом. А также предложен туристский маршрут и составлен SWOT-анализ данного сегмента рынка. Вместе с тем, исследованы проблемы развития детско-юношеского туризма в Восточно-Казахстанской области и предложены пути их решения.

Ключевые слова: детско-юношеский туризм, спортивно-оздоровительная сфера, лагерь, здоровый образ жизни.

Кіріспе

Шығыс Қазақстан – ең перспективалық және қарқынды қалыптасатын рекреациялық аймақ. Табиғаттың бірегейлігі, ландшафтардың алуан түрлері мен ерекшелігі, сирек кездесетін табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштердің болуы бүгін оның аумағында туризмнің әр түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Сондай туризм түрлерінің бірі – балалар және жасөспірімдер туризмі.

Бала жастан туризмнің әр түрімен айналысу азаматтық сезімге, туристік мәдениетке және қонақжайлылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді, іске асыру кезінде туризм экономиканың пәрменді секторы ретінде табиғат пен қоғам үшін ең төмен салдарлар әкеле отырып, мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі туризмнің белсенді түрі бола отырып:

- өскелең ұрпақты табиғатпен байланыстыру арқылы оны салауатты өмір салтына баулуға, жігер мен руханилыққа тәрбиелеуге;

- туған өлкені іс-жүзінде тануға, қоршаған ортамен, тарих және мәдениет ескерткіштерімен танысуға ықпал етеді.

Балалар-жасөспірімдер туризмі ішкі туризмді дамытудың және туристік мәдениетті тәрбиелеудің негізін қалаушы фактор болып табылады. Баланың жастайынан туризмнің әр

түрімен айналысуы қонақжайлық идеологиясын мемлекет аралық идеясын ретінде қабылдауға ықпал етеді, оны іске асыру кезінде отандық туризм табиғат үшін аз салдарымен нақты дамуы мүмкін.

Қолданылған мәліметтер мен зерттеу әдістері

Балалар-жасөспірімдер туризмі туризмнің белсенді түрі, сондай-ақ жеке тәрбие құралы бола отырып, мыналарға ықпал етеді:

- азаматтықты және патриотизмді тәрбиелеуге;
- жан-жақты дамыған және физикалық салауатты тұлғаны қалыптастыруға;

- өскелең ұрпақты табиғатпен қарым-қатынас жасау, балама есірткі және зиянды іс-әрекеттер арқылы салауатты өмір салтына бейімдеу, және еріктілік пен руханилыққа тәрбиелеуге;

- туған өлкемен практикалық танысуға, тарих және мәдениет, қоршаған табиғат ескерткіштерімен танысуға;

- балалардың белсенді бос уақытын, жазғы демалысын ұйымдастыруға;

- экологиялық мәдениетті қалыптастыруға;
- еңбек, қоғамдық қызмет, іздеу және зерттеу жұмыстарының, кәсіптік бағдарлау, әлеуметтік бейімдеу дағдыларын игеруге (Тлеуленова А.И. 2013: 14).


Шығыс Қазақстан облысы осы аталған балалар мен жасөспірімдер туризмінің ықпалын

дамыту үшін керекті ресурстарымен қамтамасыз етілген. Қазіргі күнде өңірді сипаттайтындар:

- экономиканы дамытудың жоғары серпіндері;
- инвестициялық тартымдылық;
- тиімді геосаяси және географиялық жағдайы;
- көліктік қолжетімділік;
- ойын-сауық индустриясы;
- қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар;
- мәдени және тарихи бай мұра;
- ғасырлар бойғы қонақжайлылық;

- туристік индустрияға арналған кәсіби мамандарды даярлайтын білім мекемелерінің болуы (Оспанова К. Ж. 2010: 5).

Шығыс Қазақстан облысындағы балалар туризмінің ағымдағы жағдайын анықтау барысында, балалар туризмін ұйымдастыратын ұйымдар басшылары мен қызметкерлерімен сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында соңғы жылдардағы балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту үшін тәжірибелік маңызды демалыс түрлері анықталды (1- сурет):




1-сурет – Шығыс Қазақстанда балалар туризмін дамыту үшін демалу түрлері

Сонымен қатар сұхбат барысында, балалар туризмін дамыту мақсатында демалыс лагерьлерін ұйымдастыру оңтайлы болатыны анықталды. Әсіресе, демалыс уақыттарында балалар мен жасөспірімдерді туристік-өлкетану мақсатында Шығыс Қазақстанның тартымды, әдемі жерлеріне саяхатқа жиі апару да балалар туризмін дамытуға зор ықпал көрсетері айқындалды. Мысалы, төмендегі 2 суретте сұхбат алынған респонденттер жауабы бойынша балалар және жасөспірімдер туризмін дамы-

ту үшін Шығыс Қазақстан облысындағы тартымды жерлер көрсетілген (Шығыс Қазақстан облысындағы балалардың 2009 жылғы жағдайы 2009).

Берілген суреттен мұндай тұжырымдар жауау үшін келесі қорытындылар жасалды:

- бұл ең көрікті орындар;
- қызықты мәдени және тарихи көрікті жерлері болады;
- ойын-сауықтың кең спектрі көрсетіледі;
- ұлаңғайыр тұтынушылық әлеуеті болады.



2-сурет – Балалар және жасөспірімдер туризмін дамытуға арналған ең тартымды орындар

Зерттеу барысында жиналған мәліметтерден, Шығыс Қазақстан облысындағы балалар және жасөспірімдер туризмінің дамуына SWOT-талдау жасалынды. (1-кесте).

SWOT-талдаудан Шығыс Қазақстан облысының балалар және жасөспірімдер туризмін да-

мыту үшін көптеген мүмкіншіліктері бар екенін айқын көрінеді. Және де талдау көрсетілгендей Шығыс Қазақстанда тарихи-мәдени, көркем жерлер көп, флорасы мен фаунасы да алуан. Сондықтан ұсынылатын туристік бағдарлама маршруты осы жерлерге саяхатқа барудан басталады.

1-кесте – Шығыс Қазақстан облысындағы балалар және жасөспірімдер туризмінің дамуына SWOT-талдау (автормен құрастырылған)

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|---|---|
| Шығыс Қазақстан облысының балалар және жасөспірімдер туризмі үшін көркем жерлерінің болуы Шығыс Қазақстан облысының стратегиялық географиялық орналасуы Тамақтану инфрақұрылымының дамуы Облыс тарихи мен мәдениетімен байланысты шаралардың көп өткізілуі Балалар мен жасөспірімдер үшін көрмелер мен мұражайлардың көп болуы Археологиялық, табиғи ескерткіштердің көп болуы Су, велосипед және тау туризмін ұйымдастыру үшін қолайлы ресурстың болуы | Туристтік маршруттардың экологиялық мәселелері Кейде туристік ұсыныстар нормативтік талаптарға сәйкес келмейді Халықаралық туристік қызметте балаларға ұсынылатын туристік қызметтер көп, ал облыс ішіндегі балалар және жасөспірімдер туризміне арналған қызметтер саны шектелген Баға қою және туристік өнімді іске асырудың ойластырылған жүйесі жоқ. Балалар және жасөспірімдер туризмі қатты қымбат болмау керек, бірақ арзан ваучер жұмыскерлердің төмен жалақысын білдіреді Шығыс Қазақстан облысындағы туристік қызметтің ойынсауық, тарихи және мәдени әлеуетке қатысудың төмен дәрежесі |
| Мүмкіншіліктер | Қауіптер |
| Қолданыстағы маршруттарды дамыту Жаңа нарыққа шығу Қызметтер ассортиментін көбейту Табиғи аймақтарды жақсарту Жаңа жұмыс орындарын құру Ақпараттық базаны бекіту және жақсарту | Шығыс Қазақстан облысында балалар және жасөспірімдер туризмінің даму тиімділігінің қысқаруы Экологиялық ортаның ластануы, табиғи ескерткіштердің бұзылуы |

2-кесте – Шығыс Қазақстан облысы бойынша балалар мен жасөспірімдерге арналған туристік – сауықтыру маршруты (автормен құрастырылған).

| | |
|-------------------------|---|
| Туризм түрі | Жаяу |
| Ара қашықтығы | 74 км |
| Ұзақтығы | 4 күн |
| Күрделілік категориясы | Категориялы емес |
| Ұсынылатын балалар жасы | 13-16 жас аралығы |
| Саяхат мақсаты | Туристтік, спорттық шеберлік, өлкетану жұмысын жоғарлату |
| Саяхат маршруты | Қостанай, Таранов ауданы аумақтары бойынша өтеді |
| Маршрут бағыттары | Маршрут Рудный қаласынан басталады, бұл жерде өлкетану мұражайына, «Горняк» спорттық кешені Мүз сарайына, әлеуметтік-гуманитарлық колледждің педагогикалық мұражайына баруға болады. Рудный қаласының маңында Алексеевка мәдени кешені бар. Содан кейін маршрут Тобыл өзені бойымен Қаратұмар су қоймасына бағытталады. Қаратұмар су қоймасынан кейін «Горняк» пансионаты арқылы, «Алтын балық» туристік базасына бағытталады. Маршрут су қоймасының бойымен Аят өзені арқылы Қостанай-Жігітқара теміржол магистралына және содан Халвай ауылына бағытталады. |

Қорытынды

Қазақстанның 30 әлемнің бәсекеге қабілетті елінің қатарына қосылу процесінде бүкіл ұлт денсаулығы туралы қамқорлық және жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттің маңызды бір саяси және әлеуметтік міндеттерінің біріне айналды, бұл жөнінде бірнеше рет соңғы жылдардағы үкіметтік құжаттарда жазылған болатын (Абдрашитова Т.А., Оспанова Я.Н. 2009: 98). Қазақстан Республикасы нарықтық экономикасы бар мемлекет ретінде әлемдік қоғамдастықпен танылған және оның дамуына туристік сала қомақты үлес қосады. Ішкі туризмнің басым дамуын ескере отырып, мемлекетпен қойылған міндеттер шеңберінде туристік саланы дамыту бойынша негізгі бағыттардың бірі бұл процесске өскелең ұрпақты кеңінен тарту арқылы белсенді туризм түрлерін дамыту болып табылады (Алексеева Н. П. 2012: 156).

Мемлекеттік реттеудің әлсіреуі Шығыс Қазақстан облысындағы балалар және жасөспірімдерге арналған туризм мен көркемөнерге өте теріс әсерін тигізді (Сущенко Т.А. 2008:112). Соңғы жиырма жылдық жыл ішінде туристік базалар, жазғы лагерьлер, станциялар мен клубтар қираған болатын, бұл балалар және жасөспірімдер туризмімен айналысатындар санының төмендеуіне әкелді. Шын мәнінде сауықтыру қызметі жаппай салаларының бірі еленбеген, ол – спорттық-сауықтыру туризмі. Бағдарламалық әдістемелік қамтамасыз ету әлсіреген, мемлекеттік тілде бағдарламалар жоқ деуге болады және педагогтар заманауи талаптарға сәйкес бағдарламаларды пайдалануға мәжбүр. Кемтар балалар мен жасөспірімдерге арналған туристік-өлкетану қызметін қамтамасыз ету бойынша бағдарламалық әдістемелер жоқ (Салимов. Е.2008:4).

Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының шашыраңқы болуы, бірыңғай нормативтік-құқықтық базаның болмауы, бірыңғай үйлестіруші буынның болмауы қазіргі кезеңде жедел түрде шешімді талап ететін көптеген проблемаларды туындауына ықпал етеді (Сардаров О. А. 2015:3).

Мәселелердің шешімі мынандай міндеттерді орындау арқылы жүзеге асырылады:

- аймақ бойынша барлық туристік ұйымдардың қызметін үйлестіруші балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану ШҚО орталығын ашу;

- жастарды «Менің отаным – Қазақстан» республикалық туристік экспедициясына және «Атамекен» туристік-өлкетану жобаны іске асыруға кеңінен тартуды қамтамасыз ету;

- аймақта балалар мен жасөспірімдер туризмі жүйесін республикалық деңгейден аудандық деңгейге дейін қалпына келтіру және кеңейту, станцияларды, клубтарды, туристік базалар мен лагерьлерді ашу;

- ҚР туристік-өлкетану қызметін регламенттейтін нормативтік құжаттарды әзірлеу және бекіту;

- ҚР тұрғындарын дене шынықтыру дайындығы бойынша президенттік тестілеуге туристік жорықтарға өту нормативтерін, «Жас турист» және «Қазақстан саяхатшысы» және спорттық бағдарлау белгішелерін енгізу (Буковская Г.В. 2002: 2).

- Республикалық спартакиадаларды өткізу бағдарламасына спорттық туризмді енгізу;

- жасөспірімдер мен балалардың және спорттық-сауықтыру туризмінің инфрақұрылымын белсенді жазғы демалыс пен бос уақытын ұйымдастыру мақсатында оның білім беру мекемелеріне белсенді түрде қоса отырып дамыту, міндетті түрде тәрбие жұмысы жоспарларын, туристік лагерьлер спорттық-сауықтыру, бейінді бағдарламаларын қосу;

- қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі біліктілігін арттыру институттарымен бірлесіп, қоғамдық және туристік педагог кадрларды даярлау жүйесін әзірлеу және енгізу;

- жоғары оқу орындарында қоғамдық кәсіптер мамандықтарында «туризм» мамандығы бойынша қосымша білім беру педагогтерін дайындау үшін және туристік ұйымдастырушы екінші мамандығын игеру үшін факультеттер ашу (Вербан И. А., Голицын С. М. 2010: 87);

- туристік-өлкетану қызметін балалар туристік ұйымдарының Еуразиялық одағын құру үшін халықаралық деңгейде жұмыс тәжірибесімен алмасуын кеңейтуге жәрдемдесу;

- балалар туристік ұйымдарының материалдық базасын жақсарту және қаржыландыру;

- балалар-жасөспірімдер туризм ұйымдарына ғимараттарды бөлу мәселені шешу;

- қоғамдық әріптестермен ынтымақтастықты жандандыру: салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтармен, есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеттермен, төтенше жағдайлар және басқа да ілеспе комитеттермен.

Әдебиеттер

- 1 Абдрашито́ва Т.А., Оспанова Я.Н. (2009) – Азаматтарды патриоттық тәрбиелеу бойынша озық тәжірибе. – Әдістемелік құрал – Астана: Баспа «Агроиздат» ЖШС. – 236 б.
- 2 Алексеева Н. П. (2012) Туризм /Tourismus; Флинта, НОУ ВПО Московский психолого-социальный университет – Москва. – 336 с.
- 3 Буковская Г.В. (2002) Воспитание экологической культуры в системе туристско-краеведческой деятельности // Педагогика. – №5.
- 4 Верба И. А., Голицын С. М. (2010) Туризм в школе; Физкультура и спорт – М.. – 160 с.
- 5 Оспанова К. Ж. (2010) Детско-юношеский туризм в Республике Казахстан // Педагогический вестник Казахстана. – №4
- 6 Салимов, Е. (2008) Туризм – Это здоровье, жизнь и благополучие восточно-казахстанцев // Рудный Алтай. – 27 сентября.
- 7 Сардаров, О. А. (2015) Развитие детско-юношеского туризма через организацию туристско-палаточных лагерей // География в школах и вузах Казахстана. – №4.
- 8 Сущенко Т.А. (2008) Мектептен тыс мекемелердегі оқу үрдісін ұйымдастыру: оқу құралы. 2-ші басылым, түзетілген және толықтырылған. – СПб: Лань. 187 б.
- 9 Тлеуленова А. И. (2013) Детский туризм – инновационный подход в работе с дошкольниками // Қазақстандағы Мектепке дейігі білім / Дошкольное образование в Казахстане. – №3
- 10 Шығыс Қазақстан облысындағы балалардың 2009 жылғы жағдайы. (2009) [электрондық ресурс]. – URL://www.engime.org/ (дата доступа 29.05.2017).

References

- 1 Abdrashitova T.A., Ospanova Ya. N. (2009) – Azamattardy patriottiq tarbieleu boiynsha ozyq tazhiribe. – Adistemelik qural – Astana: «Agroizdat» ZHSHS. – 236 b.
- 2 Alekseeva N.P. (2012) Turizm/ Tourismus; Flinta, NOU VPA Moskovskiy psihologo-socialniy universitet – M.. – 336 s.
- 3 Bukovskaya G. V. (2002) Vospitanie ekologicheskoy kultury v sisteme turistko- kraevedcheskoy deyatel'nosti// Pedagogika. – №5.
- 4 Verba I. A., Golisyn C. M. (2010) Turizm v shkole; Fizkultura i sport – M.. – 160 s.
- 5 Ospanova K. Zh. (2010) Detsko – iunosheskiy turizm v Respublike // Pedagogicheskiy vestnik Kazakstana. – №4
- 6 Salimov E. Turizm – eto zdorov'e, zhizn' i blagopoluchie vostochnokazakhstancev// Rudnyy Altai. – 2008-27 September.
- 7 Sardarov O.A. Razvitie detsko-yunosheskogo turizma cherez organizaciyu turistsko-palatochnykh lagerej// geografiya v sholakh i vuzokh Kazakhstana. –2015. – №4.
- 8 Sushenko T.A. (2008) Mektepten tys mekemelerdegi oqu urdisin uimdaytyru: oqu quraly. 2- shi basylym, tuzetilgen zhane tolyqtyrylgan. – СПб: Лань. 187 б.
- 9 Tleulenova A.I. Detskiy turizm – innovacionnyy podkhod v rabote s doshkol'nikami/ //Doshkol'noe obrazovanie v Kazakhstane. – 2013. – №3.
- 10 Shygys Qazaqstan oblysyndagy balalardyn 2009 zhylyg zhagdaiy.[ehlektronnyj resurs]. – URL: //www.engime.org/ (data dostupa 29.05 2017).